

«Нүркен Әбдіров атындағы ЖББМ» КММ-нің

тамақтану сапасының мониторингісін жүргізетін бракераж комиссиясы

отырысының N х а т т а м а с ы

08.09.2024 жыл.

Қатысушылар: комиссия төрағасы: С.С.Бакиров- мектеп директоры;

Мүшелері: А. Б. Бакирова - директордың тәрбие ісі орынбасары; М.Б.Баймағанбетов- мектеп ата- аналар ұйымының төрағасы; С.К.Абеуова-ата-ана; Ш.М.Балғабаева –ата-ана, мектеп «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі; Г.К.Каукербекова- медбигі; Г.Е. Джанайбекова - әлеуметтік педагог;

Күн тәртібінде: Мектептегі тамақтануды сапалы әрі қауіпсіз ұйымдастыру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Мектеп директоры С.С.Бакиров сөз сөйледі: Мектеп асханасы жақсы жабдықталған, қоймаға азық- түлік сақтау орыны жасалды, ыстық пен суық сумен қамтылған, кәріз жүйесі жеке тартылған, ыдыстар жеткілікті әрі бүтін, ауыз су әркез қолжетімді, қол мен ыдыс жуу орыны жеке, стол мен орындық жеткілікті, тамақты ыстық әрі таза сақтап, тарату жиһазы, арнаулы көрнекілік бұрышы мен безендіруі ,бақылау камерасы бар.Тек қана жаңа комиссия тарапынан тамақтың өлшемі, сапасын,дайындалып берілуін бақылау керек. Комиссия мүшелері тамақтану сапасына мониторинг жүргізумен қатар, мектептегі тамақтану үрдісін, оң өзгерістерді ата- аналарға хабарлап, әділетті ақпарат беру керек. Жаңа талапқа сай, тамақтануды «БілімАлда» сауатты толтыруы қажет, ата- ана пікірімен танысып, талапты іске асыру, бар жұмысты әлеуметтік желіге «Мектептік тамақтану» айдарымен орналастыруды тапсырамын.

2.Әлеуметтік педагог Г.Е. Джанайбекова: -Мектеп асханасынан 1,2,4- сыныптан 16 оқушы, жекелеген санаттан 16 оқушы I аусымда, 3-сыныптан 3 оқушы II аусымда, барлығы 35 оқушы тамақтанады. Ыстық тамақпен қамтылғаны 35 оқушы, жалпы оқушының жартысы. Комиссия мүшелері бір ортақ мақсатқа жұмылып, оқушылардың сапалы әрі қауіпсіз тамақтануын ұйымдастыруда бірлікте жұмыс жасайық.

ШЕШІМ:


1.Мектептегі тамақтану сапасының мониторингісін жүргізетін бракераж комиссиясы жұмысын жетілдіру, іс- құжаттарын сауатты жүргізу, тағамның өлшемі, сапасын бақылау мен ас мәзірі, тазалықтың талапқа сай болуын, бақылау жауапкершілікпен жүргізілсін.

3.Бақылау, басшылық жасау директордың тәрбие ісі орынбасары Г.Е. Джанайбекова міндеттелсін.

Отырыс төрағасы:

 С.Бакиров

Хатшысы:

 Г.Джанайбекова

Мүшелері: Бакирова А.Б



Баймағанбетов М.Б.



Абеуова С.К.



Балғабаева Ш.М.



Каукербекова Г.К.

